

**ЖИ Ғайып Н.И «Ақбөбек» жекеменшік балабақшасы
ҚОРЫТЫНДЫ АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ**

Тақырыбы: Қорытынды іс-шаралар жиналысы (жалпы
балабақшша ішілік, топ)

Өткізілген күні: 23 МАМЫР 2025 ж

Тобы: Балапан,Балдырған,Жұлдыз,Құлпынай

Қатысқандар: 46 ата-ана

Тәрбиешілер:Г.Убайдуллаева,А.Бажиева,Г.Утегенова,А.Казиева

Хатшы: Ж.Балгабаева

КҮН ТӘРТІБІ

1. 2024–2025 оқу жылының қорытындысы.
2. Балалардың даму мониторингі мен жетістіктері.
3. Ата-аналармен жүргізілген жұмыстардың қорытындысы.
4. Жазғы сауықтыру кезеңін ұйымдастыру және қауіпсіздік.
5. Әртүрлі мәселелер.

1-мәселе

Тыңдалды:

Тәрбиеші оқу жылы бойы атқарылған оқу-тәрбие жұмыстары туралы толық есеп берді. Балалардың танымдық, тілдік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дамуы бойынша жоспарланған жұмыстардың орындалуына талдау жасалды. Ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер, мерекелік шаралар, көрмелер, байқаулар және жобалар туралы ақпарат ұсынылды. Жыл бойы ата-аналармен өзара ынтымақтастық нәтижесінде көптеген іс-шаралар жоғары деңгейде өткізілгені айтылды.

Сөйледі:

Ата-аналар балалардың жетістіктеріне ризашылықтарын білдіріп, педагогтерге алғыс айтады.

Қаулы:

1. Оқу жылының қорытындысы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Жетістіктер келесі оқу жылында жалғастырылсын.

2-мәселе

Тыңдалды:

Тәрбиеші балалардың даму мониторингі нәтижелерімен таныстырды. Әр білім беру саласы бойынша жетістіктер сараланып, мектепке даярлық деңгейі, жеке даму динамикасы және түзету жұмыстарының нәтижелері көрсетілді.

Сөйледі:

Ата-аналар мониторинг нәтижелері бойынша жеке кеңестер алды.

Қаулы:

1. Мониторинг нәтижелері ата-аналардың назарына ұсынылсын.
2. Әр баланың жеке даму бағыты жалғастырылсын.

3-мәселе

Тыңдалды:

Әдіскер ата-аналармен жүргізілген жұмыстардың қорытындысын баяндады. Ашық есік күндері, ата-аналар жиналыстары, шеберлік сағаттары, көрмелер, спорттық мерекелер және қайырымдылық акцияларына ата-аналардың белсенді қатысқаны атап өтілді.

Сөйледі:

Ата-аналар өз ұсыныстарын айтып, алдағы оқу жылында да белсенді болуға дайын екендерін білдірді.

Қаулы:

1. Отбасы мен балабақша арасындағы байланыс нығайтылсын.

4-мәселе

Тыңдалды:

Жазғы сауықтыру кезеңінде балалардың қауіпсіздігін сақтау, күн тәртібін ұйымдастыру, жолда жүру ережелері, судағы қауіпсіздік, күннен қорғану және дұрыс тамақтану бойынша ата-аналарға кеңестер берілді.

Сөйледі:

Медбике жаз мезгіліндегі қауіпсіздік туралы ұсынымдарын айтты.

Қаулы:

1. Жазғы қауіпсіздік талаптары сақталсын.
2. Ата-аналар балалардың денсаулығына ерекше назар аударсын.

5-мәселе

Тыңдалды:

Өртүрлі мәселелер бойынша ата-аналардың сұрақтарына жауап берілді. Белсенді ата-аналарға алғыс айтылып, оқу жылының қорытындысы шығарылды.

Сөйледі:

Жиналыс өзара пікір алмасу форматында аяқталды.

Қаулы:

1. Қабылданған шешімдер орындалсын.

ЖИНАЛЫСТЫҢ ҚОРЫТЫНДЫ ШЕШІМІ

Жиналыста қаралған барлық мәселелер бірауыздан қолдау тауып, оқу жылының қорытындысы қанағаттанарлық деп танылды. Жазғы сауықтыру кезеңін ұйымдастыру бойынша ұсыныстар қабылданып, ата-аналарға қауіпсіздік ережелерін сақтау жөнінде ұсынымдар берілді.

Тәрбиеші:  А.Бажиева
 Г.Убайдуллаева
 А.Казиева
 Г.Утегенова

Хатшы:  Ж.Балгабаева